



Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 21 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 2 өкімі

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберінде жобаларды іске асыру механизмдеріне сәйкес:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру бойынша іс-шаралардың жоғары деңгейлі жоспарын бекіту туралы" 2019 жылғы 28 мамырдағы № 21 өкіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан
Федерациясынан
М.Григорян И.Петришенко А.Смаилов Ж.Разаков А.Оверчук*

Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы
№ 2 өкіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 21 өкіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 2-тармақтағы "өкімі күшіне енген күннен бастап" деген сөздер "шешімі күшіне енген күнінен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген Өкіммен бекітілген "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру бойынша іс-шаралардың жоғары деңгейлі жоспары мынадай редакцияда жазылсын:

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2019 жылғы 28 мамырдағы
№ 21 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН
(Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы
№ 2 өкімінің редакциясында)

"Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру бойынша іс-шаралардың ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ ЖОСПАРЫ

Осы жоспарда мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"ұлттық тапсырыс беруші-үйлестіруші" - Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі - тиісінше Одақ, мүше мемлекеттер) "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын әзірлеуге, іске асыруға және мүше мемлекеттің аумағында осы жоба шеңберінде іс-шаралардың және (немесе) жұмыстардың орындалуын бақылауға қатысатын мемлекеттік билік органдарының бірі, ол көрсетілген органдардың жобаны әзірлеуін және іске асыруын үйлестіреді;

"желі операторы" – Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін құру, пайдалау және дамыту бойынша өкілеттіктерді, сондай-ақ өзге де өкілеттіктерді беретін заңды тұлға;

"ұлттық компоненттердің операторлары" – мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін құру, пайдалау және дамыту бойынша өзінің өкілеттіктерінің бір бөлігін, сондай-ақ өзге де өкілеттіктерді соларға беретін заңды тұлға;

"жоба" – еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі (бұдан әрі – еуразиялық желі).

Өзекті іс-шаралардың атауы (өзекті бақылау нүктесі)	Күтілетін нәтиже	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушы
I. Жобаны іске асырудың бірінші кезеңі шеңберінде көзделген жұмыстар			
1. Жобаны іске асыруды үйлестіру жөніндегі жұмыс тобына (бұдан әрі - үйлестіру тобы) енгізу үшін ұлттық тапсырыс берушілерді-үйлестірушілерді және кандидатураларды анықтау және Комиссияға ақпарат жіберу	Комиссияға белгіленген тәртіппен берілген мәліметтер	2019 жылдың III-IV тоқсандары	мүше мемлекеттер
2. Ұлттық компоненттер операторларының		2019 жылдың	мүше мемлекеттер

функцияларын орындайтын ұйымдарды анықтау	ұлттық компоненттер операторларын анықтау	III-IV тоқсандары	
3. Үйлестіру тобының құрамын және үйлестіру тобы туралы ережені бекіту	үйлестіру тобы және оның құрамы туралы ережені бекітетін Комиссия актісі	2019 жылғы IV тоқсан	Комиссия, ұлттық тапсырыс беруші-үйлестірушілер
4. Одақ органдарына жобаны іске асыру туралы есеп беру	Комиссия Кеңесіне ұсынылатын жобаның іске асырылуы туралы есеп	2020 жылғы I тоқсаннан бастап тоқсан сайын (бірінші есеп – 2019 жыл үшін)	үйлестіру тобы, Комиссия
5. Еуразиялық желіні әзірлеу және енгізу бойынша қызмет көрсетуге арналған техникалық тапсырмаларды өзектендіру	техникалық тапсырманың жобасы	2020 жылғы I тоқсан	Комиссия, ұлттық тапсырыс берушілер-үйлестірушілер
6. Еуразиялық желіні дамыту және енгізу жөніндегі техникалық тапсырмаларды орындау бойынша қызметтерді сатып алу рәсімін іске асыру (Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберінде жобаларды іске асыру механизмдерінің 12 және 13-тармақтарына сәйкес)	Желі операторын айқындау	2020 жылғы I тоқсан	Комиссия
7. Консорциум құру, консорциум туралы келісім жасасу	консорциум туралы келісім	2020 жылғы I – II тоқсандар	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары, Комиссия, үйлестіруші топ
8. Жобаны басқарудың бақылау құралын (ақпараттық ресурс) құру және қол жеткізу құқықтарына сәйкес үйлестіру тобының қатысушылары үшін оған қол жетімділікті қамтамасыз ету	жобаны басқару мониторингі құралын (ақпараттық ресурсты) енгізу	2020 жылғы II тоқсан	желі операторы, Комиссия

9. Еуразиялық желінің негізгі компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу	еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптар	2020 жылғы II тоқсан	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары, Комиссия
10. Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу	еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын талаптарды	II квартал 2020 г.	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары, Комиссия
11. Еуразиялық желі туралы ережені әзірлеу	Еуразиялық желі туралы ереже	2020 жылғы II – III тоқсандар	желі операторы, Комиссия, үйлестіруші топ, ұлттық тапсырыс берушілер-үйлестірушілер
12. Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды әзірлеу	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптар, сервис-провайдерлерге қойылатын талаптар	2020 жылғы II – III тоқсандар	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары, Комиссия
13. Мүше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін арттыру мақсатында үшінші елдердің экономикалық субъектілерінің еуразиялық желісіне қосылу моделін әзірлеу	жобалық шешімдердің сипаттамасы	2020 жылғы II – III тоқсандар	желі операторы, Комиссия, үйлестіруші топ
14. Еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізіліміне және ақпараттық ресурстарға енгізілетін өнімдер, қызметтер, технологиялар туралы мәліметтерді тексеруді және оларға мүше мемлекеттер тарапынан сұранысты қамтамасыз ету мақсатында ұлттық компоненттер операторларының құрылымында ұйымдастырушы құрылымдарды (каталогтендіру орталықтарын) құру	каталогтендіру орталықтарын құру хаттамалары	2020 жылғы I – III тоқсандар	ұлттық компоненттер операторлары, ұлттық тапсырыс берушілер-үйлестірушілер
15. Комиссия актілерінің жобаларын әзірлеу,	Комиссия актілері, ақпараттық өзара іс-қимыл процестері		Комиссия, желі операторы,

еуразиялық желінің техникалық құжаттамасын әзірлеу	сипатталып көрсетілген техникалық құжаттама	2020 жылғы II – III тоқсандар	ұлттық компоненттер операторлары
16. Еуразиялық желінің негізгі компонентін құру (пайдалану қызметтерін құру мен қосуға арналған әмбебап платформалық шешім)	еуразиялық желінің негізгі дайын компоненті	2020 жылғы IV тоқсан	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары
17. Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін құру	еуразиялық желінің дайын интеграциялық компоненті	2020 жылғы IV тоқсан	желі операторы, Комиссия, ұлттық компоненттер операторлары
18. Еуразиялық желі мен ақпараттық ресурстардың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімін құру және оларды өнімдер, қызметтер, технологиялар және мүше мемлекеттерден оларға деген сұраныстар туралы мәліметтермен алғаш рет толтықтыру (кемінде 2 мүше мемлекет негізінде пилоттық деректер жиынтығы), сондай-ақ көрсетілген мәліметті тексеру	тізілімдер мен ақпараттық ресурстарды өнімдер, көрсетілетін қызметтер, технологиялар және мүше мемлекеттер таарпынан оларға сұраныстар туралы мәліметтермен алғаш рет толтықтыру, көрсетілген мәліметтерді тексеру	2020 жылғы IV тоқсан.	желі операторы, ұлттық тапсырыс берушілер-үйлестірушілер ұлттық компоненттер операторлары
19. Еуразиялық желінің ұлттық компонентін орналастыру (кемінде 2 мүше мемлекет базасында)	еуразиялық желінің ұлттық компоненттерін қабылдап алу-тапсыру хаттамалары	2020 жылғы IV тоқсан	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары
20. Таңдап алынған қосалқы мердігерлік тізбектің мердігерлік қызметін Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	таңдап алынған субконтракция тізбегі бойынша келісімшарттарды жасасудың ұлттық сервисін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу хаттамасы	IV квартал 2020 г.	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары
21. Еуразиялық желінің интеграциялық компоненті мен еуразиялық желінің ұлттық компоненттерін тәжірибелі пайдалану (кемінде 2 мүше мемлекет базасында)	қабылдап алу-тапсыру сынақтары хаттамалары, қабылдап алу-тапсыру актілері	2020 жылғы IV тоқсан	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары, тапсырыс берушілер-үйлестірушілер

<p>22. Еуразиялық желіні пайдалана отырып, өнеркәсіп кооперациясына тартылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын көбейту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу</p>	<p>іс-шаралар жоспары</p>	<p>2020 жылғы ІҮ тоқсан</p>	<p>ұлттық тапсырыс берушілер-үйлестірушілер, ұлттық компоненттер операторлары</p>
<p>II. Жобаны іске асырудың екінші кезеңі шеңберінде көзделген жұмыстар</p>			
<p>23. 23. Еуразиялық желіні қолдана отырып, өнеркәсіптік кооперацияға тартылған мүше мемлекеттердің экономикалық субъектілерінің санын көбейту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау және іске асыру</p>	<p>мүше мемлекеттерде іс-шаралар жоспарының орындалуы және оны түзетудің іске асырылуын туралы тоқсан сайынғы есеп</p>	<p>2021 жылғы I тоқсаннан бастап</p>	<p>ұлттық тапсырыс берушілер-үйлестірушілер, ұлттық компоненттер операторлары</p>
<p>24. Еуразиялық желінің интеграциялық компоненті мен еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің интеграцияланған қызметтерін сынақтан өткізу нәтижелері бойынша еуразиялық желіні пысықтау</p>	<p>еуразиялық желінің пысықталған сервистері мен құралдары еуразиялық желіге арналған техникалық құжаттаманың пысықталған топтамасы</p>	<p>2021 жылғы I – II тоқсандар</p>	<p>желі операторы</p>
<p>25. Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіпте пайдалануға енгізу</p>	<p>қабылдап алу-тапсыру сынақтарының хаттамасы, еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіпте пайдалануға енгізу туралы техникалық құжаттама</p>	<p>2021 жылғы I – II тоқсандар</p>	<p>желі операторы, Комиссия, үйлестіруші топ, ұлттық компоненттер операторлары</p>
<p>26. Еуразиялық желінің негізгі компонентін дамыту (пайдалану сервистерін құру және қосу үшін әмбебап платформалық шешім) және еуразиялық желінің ұлттық компонентін одан әрі өрістетуге</p>	<p>қабылдап алу-тапсыру сынақтарының хаттамасы</p>	<p>2021 жылғы I – III тоқсандар</p>	<p>желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары</p>

27. Еуразияық желінің интегрциялық компонентін дамыту	кабылдап алу-тапсыру сынақтарының хаттамасы	2021 жылғы I – III тоқсандар	желі операторы, Комиссия, ұлттық компоненттер операторлары
28. Желі операторы мен сервис-паровайдерлер, ұлттық компоненттер операторлары мен сервис-паровайдерлер арасында агенттік келісімдер жасасу	желі операторы мен сервис-паровайдерлер, ұлттық компоненттер операторлары мен сервис-паровайдерлер арасындағы агенттік келісімдер	2021 жылғы I – IV тоқсандар	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары
29. Еуразиялық желіні үшінші елдердің серіктес трансшекаралық платформаларымен интеграциялау мүмкіндіктерін пысықтау	еуразиялық желіні үшінші елдердің серіктес трансшекаралық платформаларымен (кем дегенде үшінші елдердің 1 трансшекаралық платформасымен) интеграциялау мәселелері бойынша іс-шаралар жоспары, еуразиялық желінің ұлттық компоненттерін үшінші елдердің серіктес трансшекаралық платформаларымен (кем дегенде үшінші елдердің 1 трансшекаралық платформасымен) интеграциялау	2021 жылғы I – IV тоқсандар	үйлестіру тобы, желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары, Комиссия
30. Еуразиялық желі мен ақпараттық ресурстардың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімін өнімдер, көрсетілетін қызметтер, технологиялар және оларға мүше мемлекеттерден сұраныс туралы мәліметтермен толықтыру, сондай-ақ аталған ақпараттарды тексеру	тізілімдерді және ақпараттық ресурстарды өнімдер, көрсетілетін қызметтер, технологиялар және оларға мүше мемлекеттерден сұраныс туралы мәліметтермен толықтыру, көрсетілген мәліметтерді тексеру	2021 жылғы I – IV тоқсандар	ұлттық компоненттер операторлары
31. Еуразиялық желінің ұлттық компонентін кеңейту	еуразиялық желінің ұлттық компонентін кабылдап алу-тапсыру сынақтарының хаттамалары	2021 жылғы I – IV тоқсандар	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары
32. Өнеркәсіптік кооперацияның негізгі және ұлттық сервистерін	өнеркәсіптік кооперацияның негізгі және ұлттық сервистерін		

ж ә н е субконтрактациясын еуразиялық желіге қосу	ж ә н е субконтрактациясын еуразиялық желіге қосудың хаттамалары	2021 жылғы I – IV тоқсандар	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары
33. Еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің қолданыстағы және жаңадан пайда болатын сервистерін жоба паспортында көрсетілген сервистердің және сервис-провайдерлердің тізбесіне сәйкес еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	ұлттық компоненттердің интеграциялық сервистерін сынау хаттамалары, сервистерді пайдалануға қосудың актілері	2021 жылғы I – IV тоқсандар	ұлттық компоненттер операторлары, желі операторы
34. Еуразиялық желіні, оның ішінде Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалық жобаларымен ((тауарлардың цифрлық қадағалануы, электронды ілеспе құжаттарды, сандық көлік дәліздерін пайдалану, мәліметтер айналымын реттеу), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің негізгі ресурстарымен байланыстыру мақсатында іс-шаралар жоспарын әзірлеу	іс-шаралар жоспары	2021 жылғы II тоқсан	Комиссия, желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары
35. Еуразиялық желіні ілгерілету жоспарын әзірлеу және жүзеге асыру. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары мен ұйымдары үшін, сондай-ақ басқа да желі қатысушылары үшін Еуразиялық желіні дамыту бойынша семинарлар мен вебинарлар өткізу	еуразиялық желіні ілгерілету жоспары, оқытуды жүргізу жоспары, оқытуды жүргізу хаттамалары ((еуразиялық желінің кемінде 1000 қатысушыларымен)	2021 жылғы II – IV тоқсандар	Комиссия, үйлестіру тобы, ұлттық тапсырыс берушілер-үйлестірушіле р, желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары
36. Әкімшілендіру, техникалық және консультациялық қызметті ұйымдастыру, сондай-ақ мәліметтерді берудің бірыңғайлығын	мүше мемлекеттердің анықтамалықтары мен		

<p>қамтамасыз ету мақсатында ұлттық анықтамалықтар мен сыныптауыштарды ескере отырып, еуразиялық желінің бірыңғай тізілімінің жазбаларын сипаттау әдістемесін әзірлеуді қоса алғанда каталогтау орталықтарының қызметін қамтамасыз ету</p>	<p>сыныптауыштарының (қызмет түрлері мен өнімдердің) ауыспалы кілттерінің кестелерін еуразиялық желіде қолданылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштарға сәйкес келтіру</p>	<p>2021 жылғы II – IV тоқсандар</p>	<p>ұлттық тапсырыс берушілерлер-үйлестірушілер, ұлттық компоненттер операторлары, Комиссия, желі операторы</p>
<p>37. Ұлттық технологиялар трансферті қызметтерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу</p>	<p>ұлттық технологиялар трансферті қызметтерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу хаттамалары</p>	<p>2021 жылғы III – IV тоқсандар</p>	<p>желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары</p>
<p>38. Еуразиялық желіні, оның ішінде Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалық жобаларымен (тауарлардың цифрлық қадағалануы, электронды ілеспе құжаттарды, сандық көлік дәліздерін пайдалану, мәліметтер айналымын реттеу), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің негізгі ресурстарымен байланыстыру мақсатында іс-шаралар жоспарын әзірлеу ақпараттық жүйесінің негізгі ресурстарымен іске асыру</p>	<p>іс-шаралар жоспарының орындалуы және олардың түзетілуі туралы тоқсан сайын есеп беру қабылдап алу-тапсыру сынықтарының хаттамасы</p>	<p>2021 жылғы III – IV тоқсандар</p>	<p>Комиссия, желі операторы, үйлестіру тобы</p>
<p>39. Ұлттық компоненттердің технологиялар трансфері сервистерін еуразиялық желіге қосу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекіту</p>	<p>іс-шаралар жоспары (іске асыру мерзімдерін көрсете отырып)</p>	<p>2021 жылғы III – IV тоқсандар</p>	<p>Комиссия, үйлестіру тобы, ұлттық тапсырыс берушілер-үйлестірушілер, желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары</p>
<p>40. Өнеркәсіптік кооперация және субконтрактация сервистерін еуразиялық</p>		<p>2021 жылғы IV тоқсан</p>	<p>Комиссия, үйлестіру тобы, ұлттық тапсырыс берушілер-үйлестірушілер, желі операторы,</p>

желіге қосу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекіту	іс-шаралар жоспары (іске асыру мерзімдерін көрсете отырып)		ұлттық компоненттер операторлары
41. Еуразиялық желі шеңберінде мүше мемлекеттердегі өндірістік кооперацияны, субконтракцияны және технологиялар трансферін сипаттайтын (елдік, салалық, уақытша және басқа шектерде), соның ішінде өндірістік индустриялық интернетті пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, мониторингілеу және талдау тәсілдерін әзірлеп, іске асыру	еуразиялық желі шеңберінде өнеркәсіптік кооперация, субконтракция және технологиялар трансфері туралы деректерді мониторингілеу және талдау регламенті	2021 жылғы ІҮ тоқсан	үйлестіру тобы, желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары
42. Еуразиялық желіні тәжірибелі пайдалану қорытындылары бойынша еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлеріне қойылатын талаптарды нақтылау	еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне қойылатын нақтыланған талаптар, сервис-провайдерлерге қойылатын нақтыланған талаптар	2021 жылғы ІҮ тоқсан	желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары
43. Еуразиялық желіні тәжірибелі пайдалану қорытындылары бойынша еуразиялық желі туралы ережеге өзгерістер енгізу	еуразиялық желі туралы өзекті етілген ереже	2021 жылғы ІҮ тоқсан	Комиссия, желі операторы
44. Жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізілуін бағалау. Жобаның іске асырылуын қорытындылау және жобаны одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар	жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілуін бағалай отырып, жобаның іске асырылуы туралы қорытынды есеп, еуразиялық желіні дамыту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар	2021 жылғы ІҮ тоқсан	үйлестіру тобы, желі операторы, ұлттық компоненттер операторлары Комиссия".